

Кімге: Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне

Кімнен: Атырау облысы Құрылыс басқармасының бас маманы
Сәнді Өтеуішова

Күні: 10.10.2024 жыл

Аналитикалық талдау

Тақырыбы: Қазақстанның мемлекеттік мекемелерінде баспасөз қызметінің қалыптасуы мен дамуы

Кіріспе

Мемлекеттік мекемелердегі баспасөз қызметі қоғам мен мемлекет арасындағы ақпараттық байланысты қамтамасыз ететін маңызды құрылым болып табылады. Баспасөз қызметіндегі мақсат – ұйымның, мекеменің немесе компанияның қызметі туралы қоғамға дұрыс әрі шынайы ақпаратты жеткізу.

Кез келген мекеме немесе ұйым өз жұмысын баспасөз арқылы қоғамда орнықтыруды, айнала ортасында жағымды пікірге ие болуды, адамдармен тиімді қарым-қатынас жасауды, өз жұмысын жарнамалауды мақсат етеді. Бұл қызметтердің негізі–өз саласына қатысты күнделікті жұмыс атқарады. Мемлекеттік мекемелерде баспасөз қызметін қоғаммен байланыс қызметін үйлестіруші ретінде қарайды. Ол мекеменің ішкі, сыртқы қарым- қатынасын реттеп отырушы. Елдегі қандай да бір елең еткізер ақпаратты қалың көпшілікке жеткізуде қоғаммен байланыс немесе БАҚ тікелей қызмет етеді.

Негізгі бөлім

Қазіргі БАҚ жүйесі ұзақ уақыт бойы қалыптасты: ең әуелі газеттер мен журналдар пайда болды. XIX ғасырда олардың қатары ақпараттық агенттіктермен толықты. XX ғасырдың басында радио, орта тұсында теледидар, соңын ала Интернет дүниеге келді. БАҚ айтылатын, естілетін, көрініп-оқылатын ақпаратты жедел жеткізіп, жаппай тарататын, сөйтіп, осы арқылы қоғамдық пікірді қалыптастыратын индустрияның дербес түріне айналды. Жұртшылықпен байланыс қызметі тұрғысынан алғанда бұқаралық ақпарат құралдарының әрқайсының өзіндік ерекшеліктері бар. Төмендегі кестеде соларға тоқталамыз.

1-кесте

БАҚ түрі	Қазіргі заманғы жұмыс істеу ерекшеліктері	Артықшылықтары мен мүмкіндіктері	Кемшіліктері
Баспа БАҚ	Газеттер мен журналдар, анықтамалықтар мен каталогтар өз оқырмандарын жоғалту үстінде.	Нақты тұтыну нарығында таралады.	Теледидармен салыстырғанда аудиториясы шағын. Жастар арасында таралуы төмен.
Теледидар	Эфирлік, спутниктік және кабельдік теледидар өз алдарына бөлек отау тіккен. Кейбір зерттеушілер келешек жергілікті теледидардікі деп санайды.	Аумақтар мен аудиторияны молынан қамтиды. Кешенді әсер етуіне (көру, есту, сезу мүшелеріне) байланысты аудиторияға ықпалы күшті.	Аудитория сегментке бөлшектене алмайды, сондықтан тауарлар мен қызметтерді өткізуге әсері шамалы.
Радио	«үй-ішілік» радио (аудиториясы-аға буын өкілдері мен үй шаруасындағы әйелдерге) деп бөлу орын алған.	Материалдарды эфирде орналастыру құны төмен әрі жедел таратылады.	Бүгінде радионы арнайы ешкім тыңдамайды. 7.00- 10.00 және кешкі 18.00-23.00 уақытта тыңдалады. Өзге уақытта радио материалдың тиімділігі төмен.
Интернет-БАҚ	Жетекші ақпарат агенттіктерінің нақты уақыт режимімен жаңартылып отыратын ақпараттық және жаңалықтық таспалары, тақырыптық, ойын-сауықтық сайттар, форумдар, чаттар, блогтар.	Материалдарды жариялаудың орасан зор аумақты қамтуы. Көру және есту эффектілерін пайдалануға болады. Жарияланған материалдардың тиімділігін байқау	Ақпараттық және жарнамалық материалдардың көптігі. Сондықтан да берілетін материалдар айырықша көзге түсетін болуы шарт, бұл жоғары


		(сайтқа кірушілер саны) мүмкіндігі бар.	шығармашылық және материалдық ресурсты талап етеді.
--	--	---	---

Соңғы үш жылда Қазақстандағы баспасөз қызметінің дамуын сипаттасақ:

2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
COVID-19 пандемиясының әсері: Медиа және баспасөз қызметтері	Саяси және экономикалық тақырыптар: Пандемиядан кейін,	Әлеуметтік желілердің маңызы: Цифрлық платформалар мен

2-кесте

<p>халықты денсаулық сақтау, вакцинация туралы ақпаратпен жедел қамтамасыз етуге бағытталды. Онлайн форматтағы іс-шаралар мен вебинарлар кеңінен таралды. Пандемия ақпараттық кеңістіктің цифрлануына үлкен серпін берді</p>	<p>2023 жылы экономикалық және саяси тақырыптар басты орынға шықты. Экономикалық жағдай мен реформалар туралы жаңалықтар баспасөзде кеңінен талқыланды . Жаңғырту: Ірі медиакомпаниялар, соның ішінде «Хабар» агенттігі, бағдарламаларын жаңартып, цифрлық контентті дамытуға ерекше мән берді .</p>	<p>әлеуметтік желілер баспасөз қызметінде негізгі рөл атқара бастады. Мемлекеттік органдар мен ірі ұйымдар Instagram, Facebook, Telegram сияқты платформалар арқылы ақпарат таратуды күшейтті . Цифрлық медиаға көшу: Халықаралық және жергілікті медиа ұйымдар өздерінің сайттары мен қосымшаларын жаңартты. Жаңалықтар жылдамдықпен таралып, халыққа жету тиімділігі артты</p>
--	--	--



1-сурет

Мемлекеттік мекемелерде баспасөз қызметінің дамуын көрсететін диаграмманы көріп отырсыз. Бұл диаграмма 2021 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңдегі әр түрлі аспектілердің даму деңгейін (1-ден 10-ға дейінгі шкала) көрсетеді.

Дүниежүзілік тәжірибе

Дүниежүзілік баспасөз қызметі ең көп дамыған елдердің қатарында АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Жапония, және Франция бар. Бұл елдерде медиа индустриясы дамыған, жаңалықтар тарату жүйелері жоғары технологиялық деңгейде ұйымдастырылған, әрі сөз бостандығы жоғары бағаланады.

Бұл елдерде баспасөз қызметі тек ақпарат таратумен шектелмей, қоғамның демократиялық дамуына ықпал етеді.

Қазақстан және шетел баспасөз қызметіне салыстыру жүргізсек

3-кесте



Қазақстанда

Шетелде

Дағдарыс жағдайларында ақпаратты жеткізу кейде кешігіп, толық болмауы мүмкін

Дағдарыс кезінде жедел ақпарат беруге және халықты дер кезінде хабардар етуге ерекше көңіл бөлінеді

Даму перспективалары

Қазақстанда

Шетелде

Ақпараттық ашықтықты арттыру, журналистермен байланыс орнату, халықпен интерактивті диалог жүргізу қажет. Баспасөз қызметкерлерінің кәсіби деңгейін көтеру үшін оқыту курстары мен тренингтер

Инновацияларды енгізу, әлеуметтік желілер мен цифрлық технологияларды белсенді пайдалану. Халықпен тұрақты байланыс орнату, қоғамдық пікірді зерттеу

Қазақстан мен шетелдегі баспасөз қызметтері арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Қазақстанда ақпараттың ашықтығы мен қоғамдық пікірге жауапкершілік деңгейі төмен, ал шетелде бұл аспектілер басты назарда.

Қорытынды

Баспасөз қызметінің жұмысын жақсарту үшін ұсыныстар мен шешу жолдарын жүзеге асыру қажет. Ақпараттың ашықтығы, журналистермен конструктивті байланыс, кризистік коммуникацияны жетілдіру, цифрлық технологияларды қолдану және қоғаммен тығыз байланыс орнату – бұл баспасөз қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған маңызды қадамдар.

Кері байланысты жүзеге асыру, атап айтқанда мақсатты ақпараттық науқан жүргізу, қоғамдық пікірді зерттеп, оның нәтижелерін

саланы болмаса аумақты басқару процесінде пайдалану әлі де тәжірибеге енбей келе жатыр.

Ұсыныс және шешу жолдары

Атырау облысындағы баспасөз қызметі қоғаммен байланыс орнату және ақпарат таратуда маңызды рөл атқарса да, бірнеше проблемаларға тап болуы мүмкін.

1. Ақпараттың кеш таралуы

- Проблема: Аймақтық және мемлекеттік деңгейде болып жатқан оқиғалар мен жаңалықтар туралы ақпаратты кеш тарату халық арасында түсінбеушілік пен ақпараттық вакуум тудыруы мүмкін. Көп жағдайда маңызды мәліметтер БАҚ арқылы уақытында жеткізілмейді.

- Шешім: Ақпарат тарату жүйесін жеделдету үшін ішкі процестерді автоматтандыру және медиа өкілдерімен тұрақты байланыс орнату қажет. Әлеуметтік желілер арқылы шұғыл ақпарат беруді жақсарту маңызды.

2. Кризистік коммуникацияның жеткіліксіздігі

- Проблема: Экологиялық, әлеуметтік немесе өндірістік дағдарыстар кезінде халыққа дұрыс әрі жедел ақпарат бермеу сенімсіздік тудырады. Атырау облысында экологиялық мәселелер жиі туындайтындықтан, мұндай жағдайларда баспасөз қызметінің баяу әрекет етуі аймақ тұрғындарының наразы болуына себеп болуы мүмкін.

- Шешім: Кризистік коммуникациялық стратегияны алдын ала дайындау және дағдарыс жағдайында жедел әрі нақты ақпарат беру жүйесін құру. Халықпен тікелей байланыс орнату үшін ақпараттық платформалар мен мобильді қосымшаларды қолдану.

3. Халықпен кері байланыстың әлсіздігі

- Проблема: Әлеуметтік желілерде немесе басқа ақпарат көздерінде жарияланған жаңалықтар көп жағдайда кері байланыссыз қалып жатады. Тұрғындардың сұрақтары мен пікірлеріне жауап беру жеткіліксіз.

- Шешім: Әлеуметтік желілерде белсенділікті арттыру, интерактивті платформалар арқылы халықтың сұрақтарына жедел жауап беру жүйесін жетілдіру қажет. Ашық есік күндері немесе қоғамдық тыңдаулар сияқты шаралар ұйымдастыру да тиімді әдіс болуы мүмкін.

4. Кәсіби біліктіліктің жетіспеушілігі

- Проблема: Баспасөз қызметкерлерінің жеткіліксіз кәсіби дайындығы ақпараттың сапасына және оны дұрыс таратуға кері әсер

етеді. Заманауи медиа құралдарын қолдану қабілетінің төмендігі, контентті тиімді басқару дағдыларының жетіспеуі қызметті қиындатады.

- Шешім: Баспасөз қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мақсатында арнайы тренингтер өткізу, тәжірибе алмасу бағдарламаларын ұйымдастыру, жаңа медиа құралдармен жұмыс істеуді үйрету маңызды.

5. Ақпараттың бұрмалануы немесе шектен тыс ресмилігі

- Проблема: Кей жағдайларда баспасөз қызметі тарататын ақпарат шамадан тыс ресми немесе түсініксіз тілде болуы мүмкін. Бұл халықтың ақпаратты дұрыс қабылдауына кедергі келтіреді.

- Шешім: Ақпаратты қарапайым, түсінікті және халыққа жақын тілде жеткізу тәсілдерін енгізу. Ресми мәлімдемелерді дайындауда бейтарап және шынайы ақпарат ұсынуға ерекше мән беру.

6. Заманауи технологияларды қолданудың жеткіліксіздігі

- Проблема: Цифрлық платформалар мен жаңа медиа құралдарын жеткіліксіз қолдану ақпараттың баяу таралуына және халықпен байланыстың нашарлауына алып келеді. Бұл әсіресе әлеуметтік желілер мен онлайн платформаларға қатысты.

- Шешім: Заманауи технологияларды кеңінен қолдану арқылы ақпарат тарату жүйесін жетілдіру қажет. Мысалы, мобильді қосымшалар, мультимедиялық контент (бейне, графика) және әлеуметтік желілер арқылы халықпен тығыз байланыс орнату.

Әдебиеттер тізімі

1. Сердәлі Б.К. Қазіргі баспасөз қызметі. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. –182 б.

2. Баспасөз қызметінің міндеті қандай? [Электронды ресурс] – URL: <https://malim.kz/article/society/baspasoz-xatsysynyn-mindeti-qandai-19306> (қаралған күні: 02.03.2023).

3. Бакунина Н.Н. Пресс-служба в законодательных органах власти субъектов Российской Федерации. – Тюмень: Вектор Бук, 2008. –113 с